

ӨНІМДЕРГЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕР

Кеден одағы (қазіргі Еуразиялық экономикалық одақ – ЕАЭО) аумағында тауар айналымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай техникалық регламенттер қолданылады. Бұл құжаттар өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын міндетті талаптарды белгілейді. Олардың ішінде азық-түлік өнімдеріне тікелей қатысты екі маңызды регламент бар: КО ТР 021/2011 және КО ТР 022/2011.

1) КО ТР 021/2011 «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы». Бұл регламент 2013 жылдан бастап күшіне енді және ЕАЭО аумағында азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі талаптарына: Өнімнің химиялық, биологиялық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Азық-түлік шикізаты мен дайын өнімге қойылатын санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау; Өнімнің ақтау, тасымалдау, өткізу шарттарын реттеу; Сәйкестікті бағалау рәсімдері (сертификаттау немесе декларациялау) жатады.

2) КО ТР 022/2011 «Азық-түлік өнімдерінің таңбалануы туралы». Бұл құжат тұтынушыға жеткізілетін ақпараттың дұрыстығын және толық болуын қамтамасыз етеді. Таңбалауға қойылатын негізгі талаптарға: Өнімнің атауы, құрамы, нетто-массасы; Өндіруші және импорттаушы туралы мәлімет; Өндірілген күні және сақтау мерзімі; Қолдану тәсілі және сақтау шарттары; Бұл регламент тұтынушының құқықтарын қорғап, сапасыз немесе қауіпті өнімді жасыруға жол бермейді.

Өнім түріне қарай қолданылатын техникалық регламенттер Азық-түлік өнімдері жалпы КО ТР 021/2011 және КО ТР 022/2011 талаптарына бағынады. Бірақ бұдан бөлек, әрбір өнім түріне арналған арнайы регламенттер бар:

- КО ТР 033/2013 «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі»;
- КО ТР 034/2013 «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі»;
- КО ТР 027/2012 «Арнайы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі, оның ішінде диеталық және балалар тағамы»;
- КО ТР 029/2012 «Азық-түлік қоспалары, ароматизаторлар және технологиялық көмекші құралдардың қауіпсіздігі»;
- КО ТР 007/2011 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі»;

Яғни, КО ТР 021/2011 – базалық талаптарды белгілейді, ал қосымша регламенттер өнім түрінің ерекшелігіне қарай нақтыланған талаптарды қамтиды.

А.СҰЛТАН,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ТО, Сайрам ауданы, Манкент ауылдық округі, Манкент елді мекені, О.Курбаналиев көшесі № 28, (әкімшілік ғимараты) ҚР ЭК 95 б. және 96 б. 1 тармағына сәйкес: 21.11.2025ж. сағ.12-00-де ТО, Сайрам ауданы, Манкент ауылдық округі, Манкент елді мекені, Ақбұлақ ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым қашықтықта орналасқан құм-қиыршық тас карьері (геоғр.коорд.: 42о23'а; 24»СШ и 69о55'а; 41» ВД. үшін жасалған қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері жоба-сы бойынша бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Жоба бастамашысы: «Айжарық - Тур» ЖШС-гі, БСН 030140005455, тел. 87756403555.

Жобаны құрастырушы: ЖК Ауешова Н.П., ЖСН 610115403182, эл. eko_him@bk.ru тел. 8 701 3346738;

Жобалық құжаттармен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер, ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ a.erkebei@ontustik.gov.kz эл. адресі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетін күнге дейін 3 жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және/немесе шектеу іс-шаралары сипаттағы жағдайларда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://ndbecology.gov.kz/> порталда және www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru сайтында ұсынылады.

Онлайн қосылу сілтемесі <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596; Кіру коды: 123456

Қосымша ақпаратты мына телефон 87756403555 арқылы алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту нормативов эмиссии в окружающую среду для Карьера ПГС месторождения «Самсоновское», расположенного в 5 км к северо-востоку от с.Самсоновка, в устье реки Аксу, Манкентского с/о, Сайрамского района, Туркестанской области, (геоғр.коорд.: 42о23' 24»СШ и 69о55' 41» ВД) в соответствии с требованиями ст.95 и ст.96-1 ЭК РК, по адресу: Туркестанская область, Сайрамский район, с/о Манкент, с.Манкент, по ул.О.Курбаналиева, 28, (зд.акимата), 21.11.2025г., в 12:00 час.

Инициатор проекта: ТОО «Айжарық - Тур», БИН 030140005455, тел. 87756403555.

Разработчик проекта: ИП Ауешова Н.П., ИИН 610115403182, eko_him@bk.ru тел. 8 701 3346738;

С проектной документацией можно ознакомиться, а также принимаются все замечания и/или предложения в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале <https://ecoportal.kz/>, а также на сайте www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru и по эл. почте a.erkebei@ontustik.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания будут проведены в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на портале <https://ecoportal.kz/> и на сайте www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru

Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596; Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по тел. 8702 468 37 95.

АБАЙ БОЛҒАН ЖӨН

Жылыту маусымына байланысты өзекті мәселелердің бірі - газдан улану. Осыған байланысты аудандық төтенше жағдайлар басқармасы төмендегі мәселелерді қаперде ұстауды қатаң ескертеді.

Газдан улану мынадай кездерде болуы мүмкін:

- қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған жабық гаражда және автокөлікте ұзақ уақыт бойы қалған адамдар;
- ақауы бар пеш құрылғысын қолданатын тұрмыстық бөлмелер;
- өрт кезінде жанып жатқан немесе түтін алып кеткен бөлмеде, тасымалдаушы вагондарда, лифтілерде, тағы басқа жерлерде қалып қойған жағдайда.

Тыныс алу ағзасын қорғау үшін гопкалитті раторондары бар азаматтық газқағарлар, «СО», «М» маркалы өндірістік газқағарлар неме-

се оқшаулағыш газқағарлар қолданылады.

Алғашқы медициналық көмек көрсету: 103 нөмірі арқылы жедел жәрдем шақыру, жасанды тыныс беру, денені қарқынды түрде ысқылау, ыстық су құйылған бөтелкені аяғына қою, мүсәтір спиртін иіскету немесе жоғарғы ерін мен мұрынға массаж жасау, зардап шеккен адамға ыстық шәй беру, зардап шеккен адамның ұйықтауына жол бермеу.

Ж.ҚОСПАНОВ,
Ордабасы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Б.КУЛУМБАЕВ,
Шымкент қаласы, Тұран аудандық төтенше жағдайлар басқармасы №5 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау капитаны капитаны.

ГАЗДАН УЛАНУ

Газдың сыртқа шығуының негізгі себептері:

- жалғастырушы түтіктердің ақаулары;
- түтікнің редукормен және газ құрал-жабдығымен тығыздап жалғанбауы;
- бұрандалы жалғастырушылардың нығыз еместігі;

- оттыққа сұйықтың құйылуы немесе жел өшіргенде газдың шығуы;
- оттықты дұрыс тұтандырмау болуы мүмкін.

Маңызды төрт қағиданы есте сақтаңыз!

Газ құрал-жабдықтарын өз бетіңізше жөндемеңіз.

Газ түтіктеріне кір жаятын жіпті байламаңыз.

Газ желісі түтіктерінің ақауларын жөндемеңіз. Аспаптан қатерлі ұшқын шығуы мүмкін.

Газ құрал-жабдықтарын жұмыс істеп тұрғанда, әсіресе, оларға балалардың қолдары жететін жағдайда қараусыз қалдырмаңыз. Егер сіз газдың өткір иісін сезсеңіз, шүмекті дереу жабыңыз. Үйді желдетіңіз (терезе, есіктерді ашыңыз).

Газ шыққан жерді сабын көбігінің көпіршіктері арқылы ғана анықтауға болады.

104 телефоны арқылы газ апаттық қызметін шақырыңыз (телефонды газдың иісі жайылмаған бөлмеден немесе көрші пәтерлерден пайдаланған жөн).


Ғ.СОПБЕК,
Сайрам аудандық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау майоры.



Көптеген тұрғын әлі күнге дейін газ құрылғыларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелеріне немісқұрайды қарап келеді. Тұрғындар газ құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу салдарынан өрт шығуы мүмкін.Кез келген өрт адам денсаулығына қауіпті, бірақ газ баллонының немесе газ құрылғыларының тұтануы жарылыс қаупін тудырады, ал бұл адам өліміне алып келуі мүмкін. Тұрмыстық қажеттіліктер үшін қолданылатын газ ауамен араласа отырып, жарылғыш қоспа түзеді. Ғимарат ішіне таралған газ жарылуы мүмкін, бұл үшін сіріңке немесе электр жарығын қосқыштың ұшқыны сияқты от көзі жеткілікті.

Газ қондырғыларын пайдаланған кезде тұтынушылар өрт қауіпсіздігі ережелерін тексеруге тиіс. От жағуға, темекі шегуге, электр құралдарын, жарықты қосуға не өшіруге болмайды. Сондай-ақ, газ баллондарын жылыту радиаторынан 1 метрден кем емес және пештен 2 метрден кем емес қашықтықта орнату қажет.

Газды дұрыс пайдаланайық



Д.ШАЙМЕНОВ,
Шымкент қаласы, Абай аудандық төтенше жағдайлар басқармасы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ПЕШ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН

Жылыту маусымы – өрт әдеттегіден әлдеқайда көп орын алатын кезең. Пешті қараусыз қалдырғанда өрт шығу қаупі артады.

Жалға алушылар мен үй иелерінің қауіпсіздік шараларын сақтамауы алаңдатып отыр. Біріншіден, өрт пеш құрылғыларын пайдалану ережелерін сақтамаудан болуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін сіз отынның мөлшерін қатаң бақылауыңыз керек. Ұзақ уақыт үзілістен кейін суық пешті жұмыс температурасына біркелкі келтіру керек. Сондай-ақ, көмірқышқыл газы улы, бірақ оның түсі, дәмі мен иісі болмағандықтан, адамға оны сезу өте қиын. Көмірқышқыл газына улану пештің түтіндіктерін тазаламаған жағдайда жиі болады.

Өрт көбінесе тұрғын үй секторында орын алады. Тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең күрделі мәселе. Тұрғындар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді.

Н.ИСАЕВ,
Түлкібас аудандық төтенше жағдайлар бөлімі №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.